

«Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 Басқарма қаулысына сәйкес:

1) бөлшектеліп жыртылған (соның ішінде желім лентамен жапсырылған);

2) жанған немесе күйген;

3) 1 (бір) шаршы сантиметрден астам ауданына бояу төгілген;

4) үйкелген немесе ластанған, ультракүлгін сәулелердің әсерінен қағаздың ашық көк және (немесе) күлгін түспен жарқырауына әкелген, олардың ең үлкені ең енді бөлігінде диаметрі 2 сантиметрден, ал банкнотаның жиегіндегі жолақтың ені 0,5 сантиметрден асатын;

5) қасақана бүлінген: негізгі бейнелері өзгеріске ұшыраған, атап айтқанда – адам портреті бүлінген, қорғаныш жібі жойылған; тыныс белгілерін есепке алмағанда, 2 (екі) немесе одан да көп таңбадан (символдан) тұратын бөгде жазбалар (жазулар), оның ішінде ультракүлгін сәуледе көрінетін белгілер бар; шетелдік валюта банкнотасының түпнұсқа емес немесе үлгі екенін білдіретін 2 (екі) немесе одан да көп мөр және (немесе) штамп ізі бар; диаметрі 1 (бір) миллиметрден асатын тесік (тесіктер) немесе шаншылған жері бар;

6) жоғалған бұрыштары немесе бөліктері (ауданы 1 (бір) шаршы сантиметрден асатын) бар;

7) 3 (үш) немесе одан да көп жыртылған жерлердің (оның ішінде түссіз желім лентамен жапсырылған немесе (бір-біріне желімделген); ұзындығы банкнота еніне (ұзындығына) шаққанда төрттен бір бөлігінен асатын

8) геометриялық өлшемдері 3 (үш) миллиметрден көп өзгеріске ұшыраған, яғни кішірейген немесе ұлғайып кеткен;

9) баспадан кеткен анық ақауы бар (сутамғы белгісінің немесе қорғаныш жібінің жоқ немесе дұрыс орналаспаған, бейнелері басылмаған немесе бұлыңғыр);

10) жұмсарған және (немесе) қаттылығын жоғалтқан **зақымдану белгілері бар шетелдік валюта банкноталары айналымға жарамсыз деп танылады.**

Тиісті шет мемлекеттің эмитент-банкi жариялаған күннен кейін айналымнан шығарылған шетелдік валюта банкноталары төлемге жарамсыз деп танылады.